

Қазақстан Республикасы  
Республика Казахстан

НОТАРИУС  
УСЕМБАЕВА МАЙРА УСЕМБАЕВНА  
Лицензия №0002075

<u>ҚҰЖАТТАРДАҒЫ ҚОЙЫЛҒАН ҚОЛДЫҢ ТҮПНҮСҚАЛЫЛЫҒЫН ҚУӘЛАНДЫРУ</u>	<u>СВИДЕТЕЛЬСТВОВАНИЕ ПОДЛИННОСТИ ПОДПИСИ НА ДОКУМЕНТАХ</u>
Тіркеу нөмірі:	Регистрационный номер:
2560-1604	
Жасалған күні:	Дата совершения:
14.09.2021	
Тұлғалар:	Лица:
БСН/БИН 070740004377, Некоммерческое акционерное общество «Казахский агротехнический университет имени Сакена Сейфуллина»	



Назар аударыңыз! Сайт мекенжайы <https://enis.kz/>  
болып көрсетілгеніне көз жеткізіңіз.  
Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі:  
ES1902699210914110414H101623

Внимание! Убедитесь в том, что адрес сайта  
указан как - <https://enis.kz/>  
Уникальный номер нотариального действия:  
ES1902699210914110414H101623

e-notary

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
 НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ»  
 РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ  
 МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ**

20 18 ж. «28» 10 ЖҮРГІЗІЛДІ

АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 10.07 ЖЫЛ 2007

БСН 070740004327

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
 НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ»  
 РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР  
 ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

20 24 ж. «15» 09 ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 070740004327

АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 10.07 ЖЫЛ 2007



«Ұлттық аграрлық  
 ғылыми-білім беру орталығы»  
 коммерциялық емес акционерлік  
 қоғам директорлар Кеңесінің 2021  
 жылғы «11» тамыз  
 № 07/21 шешіміне  
 № 1 Косымша

«Ұлттық аграрлық  
 ғылыми-білім беру орталығы»  
 коммерциялық емес акционерлік  
 қоғам Жалғыз акционердің  
 2021 жылғы «11» тамыз  
 № 07/21 бұйрығымен «БЕКІТІЛДІ»

**«Сәкен Сейфуллин атындағы  
 Қазақ агротехникалық университеті»  
 коммерциялық емес акционерлік қоғамының  
 Ж А Р Ғ Ы С Ы**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамның (бұдан әрі - Қоғам) осы Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, органдарын құру тәртібі мен құзыретін, оны қайта ұйымдастыру мен қызметін тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына кайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

2. Қоғамның толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде: некоммерческое акционерное общество «Казахский агротехнический университет имени Сакена Сейфуллина»;

3) ағылшын тілінде: “Saken Seifullin Kazakh Agrotechnical University” noncommercial joint stock company.

3. Қоғамның қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде: «С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ» КеАҚ;

2) орыс тілінде: НАО «КАТУ им. С.Сейфуллина»;

3) ағылшын тілінде: “S. Seifullin KATU” NCJSC.

4. Қоғам атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Жеңіс даңғылы, 62-үй.

5. Жеке кәсіпкерлік субъектінің мәртебесі: коммерциялық емес заңды тұлға.

## 2. Қоғамның заңды мәртебесі

6. Қоғам акционерлік қоғамның жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатындай ұйымдық-құқықтық түрде «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жекелеген ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 22-мамырдағы № 409 Қаулысына сәйкес құрылды.

«Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 22-тамыздағы № 659 Қаулысымен Қоғамның 100% пакет акциясы «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жарғылық капиталын төлеуге берілді.

7. «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Қоғамның Жалғыз акционері (бұдан әрі - Жалғыз акционер) болып табылады.

8. Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес теңгерімі, банктік шоты бар, өз атынан мүлдіктік және жеке мүлдіктік емес құқықты сатып ала және жүзеге асыра алады, міндеттер атқарады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

9. Қоғамның өз атауы жазылған мөрі, бланктері және өз қызметін жүзеге асыруға қажетті басқа да деректемелері бар.

10. Қоғам қызметінде Қазақстан Республикасы Конституциясы, Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексі, «Акционерлік қоғам туралы» Қазақстан Республикасы Заңы, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңы (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы «Ғылым туралы» Заңы және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық өзге де актісі, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

11. Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғам заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға құқылы.

12. Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен Қоғам орналасқан жерінен тыс жерде заңды тұлға болып табылмайтын және олар туралы Ережелер негізінде Қоғам атынан және тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиал (өкілдік) құруға құқылы.

13. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының міндеттемесін қоспағанда, Қоғам өз мүлкі шегінде міндеттері бойынша жауапкершілік атқарады.

Қоғам жалғыз акционердің міндеттемесі бойынша жауап бермейді. Жалғыз акционер қоғам міндеттемелеріне жауап бермейді және қоғам қызметтеріне қатысты өзіне тиесілі акция құны шегінде Қазақстан Республикасы заңдылық актілерінде көзделген басқа жағдайды қоспағандағы шығын қауіп-қатеріне тап болуы мүмкін.

### 3. Қоғам қызметінің нысаны мен мақсаты

14. Қоғамды құрудың мақсаты - Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешеніндегі тиімді технологияларды трансферттеу негізінде Қазақстан экономикасының аграрлық секторының инновациялық дамуын қамтамасыз етуге қажетті жоғары білікті маманды даярлау және қайта даярлау, ғылыми зерттеу нәтижелерін әзірлеу және енгізу.

Қоғам қызметінің нысаны жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандарын даярлау, экономиканың түрлі саласында мамандар біліктілігін көтеру, іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылыми нәтижені енгізу және коммерцияландыру, білім тарату, заманауи ғылыми және көмекші инфрақұрылым құру.

15. Қоғам мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша кадр даярлау, сондай-ақ іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеуді қоса алғанда, ғылыми-техникалық, инновациялық қызметті, ғылыми-зерттеу жұмысы;

2) білім алушыларды тамақтандыру, тұру орны, медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету;

3) жұмыскерді тамақтандыру, тұру орны, медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету;

4) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

5) спорттық және мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру әрі өткізу;

6) дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру әрі өткізу, спорттық және шығармашылық секциялар құру;

7) білім беру үрдісі, зерттеу, тәрбиелік және әлеуметтік-мәдени қызметті қамтамасыз ету үшін баспа және полиграфиялық қызмет;

8) халықаралық және республикалық деңгейдегі түрлі іс-шараны: білім алушы мен педагог жұмыскер арасындағы олимпиада, жарыс, конкурс, конференция, семинарды ұйымдастыру және оларға қатысу;

9) білім алушыларды запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери қызметке даярлау;

10) технополис, технопарк, бизнес-инкубатор, инновациялық орталық, технологияны коммерцияландыру және трансферттеу орталығы, жобалау конструкторлық бюросы және қызмет бейіні бойынша басқа да құрылымды құру;

11) білім мен ғылым жүйесін одан әрі дамыту әрі жетілдіруге бағытталған инновациялық әдіс, оқыту технологиясы мен зерттеуді әзірлеу, сынақтан өткізу және ендіруге қатысу;

12) білім берудің барлық деңгейі үшін цифрлық интерактивтік білім беру қоры және оқу фильмдерін ұйымдастыру, жасау және дамыту;

13) білім мен ғылымды өндіріспен шоғырландыруға қатысу;

14) Қазақстан Республикасының еншілес және басқа да ұйымы мен шетелдік ұйымның қаржы қорын тарта отырып, тәжірибелік-конструкторлық жұмыс, инновациялық және инвестициялық жобаны ұйымдастыру, қаржыландыру, сондай-ақ білім және ғылым саласындағы жобаны венчурлік қаржыландыру тетігі мен инфрақұрылымын қалыптастыруға қатысу.

16. Қызметтің жеке түрін жүзеге асыру үшін арнайы рұқсат (лицензия, сертификат, аттестат, куәлік) қажет болған жағдайда, Қоғам аталмыш қызметті сәйкес рұқсатнама (лицензия, сертификат, аттестат, куәлік) алғаннан соң ғана жүзеге асырады.

#### **4. Жарғы капиталы**

17. Қоғамның жарғы капиталы Заңмен бекітілген талаптарға сай және Қазақстан Республикасы ұлттық валютасында, олардың атауыш құны бойынша құрылтайшы және орналастыру құны бойынша инвесторлардың акцияларды төлеуі арқылы қалыптасады.

18. Қоғамның жарғы капиталын ұлғайту Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама және Осы жарғы бойынша бекітілген тәртіпте жарияланған акцияларды орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

#### **5. Мүлкін құрау көздері**

19. Қоғамның мүлкін құрау көздері Мыналар:

- 1) құрылтайшылардан (қатысушылардан, мүшелерден) түскен түсімдер;
- 2) ерікті мүліктік жарналар мен қайырмалдықтар;
- 3) заңдарда белгіленген жағдайларда тауарлар сатудан, жұмыстардан, қызмет көрсетуден түскен түсімдер (кіріс);

4) акциялар, облигациялар, басқа да бағалы қағаздар және салымдар (депозиттер) бойынша алынған дивидендтер (кірістер, сыйақы (мүдде));

5) заңмен тыйым салынбаған басқа да түсімдер, заң актілеріне сәйкес, коммерциялық емес ұйымның мүлкін ақшалай және өзге де нысандардағы құрау көздері болып табылады.

20. Коммерциялық емес ұйымдардың жекелеген түрлерінің кіріс көздеріне заң актілерімен шектеулер қойылуы мүмкін.

21. Құрылтайшылардан (қатысушылардан, мүшелерден) түсетін қаржы және өзге де қаражат түсімдерінің тәртібі коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарында белгіленеді.

22. Коммерциялық емес ұйымның мүлкін, ақшалай нысаннан басқа, заттай және өзге нысандарда құрауға құрылтайшылардың салымдары барлық құрылтайшылардың келісімі бойынша ақшалай нысанда бағаланады. Егер мұндай салымның құны жиырма мың айлық есептік көрсеткішке тең сомандан асып кетсе, оны бағалауды аудиторлық ұйым растауға тиіс.

## **6. Акция. Бағалы қағазды орналастыру шарттары**

23. Қоғам тек қана қарапайым акцияларды шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз түрде шығарылады.

24. Қарапайым акция Жалғыз акционерге қарастыруға ұсынылған барлық сұрақ бойынша шешім қабылдауына құқық береді.

25. Қоғам өз акциялары бойынша дивиденд есептемейді және төлемейді.

26. Акция шығару, орналастыру, айналымға түсіру шарты мен тәртібі, сондай-ақ қарапайым акция бойынша дивиденд төлеу акцияларды басып шығару проспектісімен белгіленеді.

27. Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған жағдайды қоспағанда, Қоғамның орналастыратын акциялары үшін ақша, мүліктік құқық (соның ішінде зияткерлік меншік құқығы) және өзге де мүлік төленуі мүмкін.

Ақшадан басқа, өзге де мүлікпен төлем жасау, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушы айқындайтын баға бойынша жүзеге асырылады.

28. Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесін тек Қоғамның тіркеушісі ғана жүргізе алады.

29. Өз қызметін жүзеге асыру үшін қаражат жинау мақсатында шығарылған акциялардан алынған кірістер тек Қоғамның дамуына жұмсалады.

30. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдерінің жүйесін жүргізу, сондай-ақ ол бойынша уәкілетті органға ақпарат беру тәртібі Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес айқындалады.

31. Қоғам орналастырылған бағалы қағаздарды:

1) Кепілге салынған бағалы қағаздар толық төленген болса;

2) Қоғамның сатып алған акцияларын қоспағанда, Қоғамға кепіл берілген және кепілде жақтан акция жалпы саны Қоғамның орналастырған акцияның жиырма бестен аспайтын пайызын құраса;

3) Жалғыз акционер акция кепілдемесі туралы келісімшартты мақұлдаса ғана кепілдікке қабылдай алады.

## 7. Қоғам органдары

32. Қоғам органдарына төмендегілер жатады:

- 1) жоғары орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқарушы орган – Директорлар Кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма;
- 4) қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүргізетін орган – Ішкі аудит қызметі;
- 5) жоғары кеңес беру-кеңесші орган – Қоғамның Ғылыми кеңесі

## 8. Жалғыз акционердің құқығы мен міндеттері

33. Жалғыз акционер:

- 1) Заң және осы Жарғыда қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысу;
- 2) осы Жарғы және Жалғыз акционермен анықталған тәртіпте Қоғамның қызметі туралы ақпарат алу, соның ішінде Қоғамның қаржылық есебімен танысу;
- 3) Қоғам тіркеушісі не номинал ұстаушыдан бағалы қағаз ұстау құқығын растайтын көшірме алу;
- 4) Қоғам Директорлар кеңесіне сайлау үшін үміткерлер ұсыну;
- 5) Қоғам органдарының сот тәртібінде қабылдаған шешімін даулау;
- 6) Қоғамға келтірілген шығын болған жағдайда Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген тәртіп бойынша өз атынан Қоғамның лауазымдық тұлғаларынан Қоғам шығысы, Қоғамға келтірілген шығынды өтеуге және ірі мәміле және (немесе) мәміле жасау (келісімшартқа отыру) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алынған Қоғамның лауазымдық тұлға және (немесе) қызығушылығы бар олардың үлескер тұлғаларының кірісін (табысын) қайтару туралы талап қоюға сот органдарына жүгіну;
- 7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау жіберіп, Қоғамға сұраудың келіп түскен күнінен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде уәждеделген жауапты алу;
- 8) Қоғамды таратқан кезде мүліктің бір бөлігін алу;
- 9) Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайдан басқа Заңмен белгіленген тәртіпте Қоғамның акция немесе басқада бағалы қағаз, оның конвертир акцияларын басымдықпен сатыпалу;
- 10) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғамға аудиторлық тексеріс жүргізуін талап ету;
- 11) Директорлар кеңесі отырысын шақыруды талап ету;
- 12) Заңмен белгіленген тәртіпте Қоғам акцияларының саны немесе түрлерін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 13) Осы Жарғы мен Заңда көзделген өзге де мәселеге құқығы бар.

34. Жалғыз акционер:

- 1) акцияларды төлеу;
- 2) өзгерістер болған жағдайда он күн ішінде Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімдер жүйесін жүргізу үшін қажетті мәлімдемелердің өзгерістері туралы Қоғамның тіркеушісі мен Жалғыз акционерге тиесілі акцияларды номиналды ұстаушыны хабардар етуге;
- 3) Қоғам немесе оның қызметтік, комерциялық қызметі немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиялары туралы ақпаратты жария етпеуге;
- 4) Заңға, осы Жарғыға және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

## **9. Жалғыз акционердің құзыреті**

### 35. Жалғыз акционердің ерекше құзыреті:

- 1) қоғам Жарғысына өзгерістермен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
  - 2) корпоративтік басқару Кодексі, сондай-ақ қабылдаған жағдайда оған енетін өзгеріс пен толықтыруды бекіту;
  - 3) Қоғамды ерікті қайта құру немесе тарату;
  - 4) Қоғамның жарияланған акция санын көбейту немесе Қоғамның жариялаған орналастырылмаған акцияның өзгергені туралы шешім қабылдау;
  - 5) Директорлар кеңесінің сандық құрамы, өкілеттік мерзімін анықтау, мүшелерін сайлау және мерзімінен бұрын өкілеттілігін тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңес мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шартын анықтау;
  - 6) Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;
  - 7) Басқармасы төрағасын сайлау, оның өкілеттік мерзімін белгілеу және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
  - 8) Қоғамның аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;
  - 9) жылдық қаржылық есепті бекіту;
  - 10) Қоғамға тиесілі барлық активтің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтің бір не бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы қоғамның өзге де заңды тұлғаны құру не қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлға қатысушысы (акционері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
  - 11) Заңға сәйкес Қоғам акцияларды сатып алған кезде құнын белгілеу уәдистемесіне енгізілетін (егер әдістеме бекітілмеген болса, бекіту) өзгерісті бекіту;
  - 12) Осындай тәртіп қоғам жарғысында айқындалмаса, акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралын айқындау;
  - 13) Қоғам Жарғысы және Заңмен Жалғыз акционер құзыретіне ғана жататын өзгеде мәселе бойынша шешім қабылдау.
- Заң және осы Жарғыдағы мәселелер бойынша Жалғыз акционердің құзыретіне жататын шешімді дара қабылдайды және ол жазбаша түрде ресімделуі тиіс.

## **10. Қызметті ұйымдастыру тәртібі, дайындау және Жалғыз**



### акционердің шешімдерді қабылдауы

36. Қазақстан Республикасы заңнамасы және Қоғам Жарғысымен акционердің жалпы жиналысы құзыретіне жатқызылған мәселе шешімі, Жалғыз акционер тарапынан шешіліп, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес белгіленген тәртіп бойынша ресімделеді.

37. Директорлар кеңесінің ұсынысымен акционерлердің жалпы жылдық жиналысы құзыретіне жатқызылған мәселелер Жалғыз акционердің қарауына беріледі, ал мекеме ерікті түрде жабылатын болса, Қоғамды жабу комиссиясы ұсынысымен беріледі.

38. Жалғыз акционер қарауына мәселе дайындау мен ұсыну бойынша шығынды заңнамада бекітілген жағдаяттан басқа уақытта Қоғам өз мойнына алады.

39. Қоғам органдарын сайлау мәселесі бойынша материал ұсынылып отырылған кандидаттар туралы келесідей ақпаратты қамтуы қажет:

- 1) аты-жөні, қалауы бойынша әкесінің аты;
- 2) білімі жайлы мәлімет;
- 3) Қоғамдағы үлестестілігі жайлы мәлімет;
- 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орны мен атқарған қызметі жайлы мәлімет;
- 5) кандидаттың біліктілігін, еңбек тәжірибесін растаушы басқа да мәлімет.

40. Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселені Жалғыз акционердің қарауына ұсынған кездематериалда ұсынылып отырған кандидат Директорлар кеңесі мүшесіне Жалғыз акционер ұсынған өкіл ме және (немесе) Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына сайланғалы отырған кандидатпа екендігі көрсетілуі қажет.

41. Жарғының 49-тармағында көрсетілгендей Директорлар кеңесі мүшелігіне сайлауға ұсынылып отырған кандидат акционер ме, әлдежеке тұлға ма, болса, ол туралы мәлімет те материалда көрсетілуі қажет. Акционер болса, Қоғам акционерлерінің тізімін жасау кезінде оның дауыс беруші акцияға үлес салмағы қанша екендігі де көрсетілуі қажет.

42. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы құзыретіне жататын мәселе бойынша Жалғыз акционердің қарауына берілетін материал мынаны қамтуы тиіс:

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есебі;
- 2) жылдық қаржылық есепке жүргізілген аудиторлық есеп;
- 3) акционерлердің Қоғам мен оның лауазымдық тұлғаларына жүгінуі мен мәселе бойынша жасалған жұмыстар нәтижесі;

4) Жалғыз акционер қарауына берілетін акционердің жылдық жалпы жиналысы құзыретіне жатқызылған бастамашының қарауы бойынша өзге де құжат.

43. Жалғыз акционер шешімінің (бұйрығының) көшірмесі Қоғамда сақталуы қажет және Жалғыз акционердің талабы бойынша кез келген уақытта берілуі қажет.

44. Жалғыз акционердің қарауына берілетін акционердің жылдық жалпы жиналысы құзыретіне жатқызылған және Директорлар кеңесінің тарапынан құрастырылатын мәселе бойынша материалдағы талқыланатын сұрақтар нақты құрастырылған және аталмыш мәселе бойынша құқылы, әрі негізделген шешім қабылдау үшін қажетті толыққанды ақпаратты қамтуы қажет.

45. Қаржылық есеп берудің халықаралық стандартына сәйкес жылдық қаржылық есепте мүдделілігі бар ірі көлемдегі келісім мен мәміле туралы ақпарат түсіндірме хатпен анықталып беріледі.

Нәтижесінде Қоғамның активі көлемінің он пайызынан асатын сомаға мүлік алынған не сатылған келісім жайлы ақпаратта келісім жасаушы тараптар жайлы, келісім талаптары, сипаты мен мерзімі, қатысқан тұлға үлесі көлемі жайлы, сондай-ақ келісім жайлы тағы да басқа мәлімет болуы қажет.

## 11. Директорлар Кеңесінің құзыреті

46. Директорлар кеңесі Жалғыз акционер құзырындағыосы Жарғыдакөрсетілген және Заңға қатысты мәселе есептемегенде Қоғамныңжалпы қызметіне басшылық етеді;

47. Қоғамның Директорлар кеңесін сайлау тәртібі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен белгіленеді.

48. Директорлар Кеңесініңерекше құзыретіне жататын мәселе:

1) Қоғам қызметінің басым бағытын айқындау және Қоғамның Даму жоспарын бекіту;

2) Жарияланған акция саны шегінде орналастырылатын (жүзеге асырылатын) акция саны, тәсілі мен орналастыру (жүзеге асыру) құны туралы, соның ішінде орналастыру (жүзеге асыру) туралы шешімді қабылдау;

3) Қоғамның орналастырылған акция не басқа да құнды қағазды сатып алу және сатып алу құны туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту;

5) Директорлар кеңесінің комитеті туралы ережені бекіту;

6) Басқарма мүшелерін (Басқарма төрағасынан өзге) сайлау, өкілеттілік мерзімі, сандық құрамы, сонымен қатар мерзімінен ерте өкілеттілігін тоқтатуын анықтау;

7) Басқарма төрағасы және Басқарма мүшелерінің лауазымдық еңбекақы көлемі, еңбекақы және сыйақы төлеу жағдайын анықтау;

8) Басқарма төрағасы мен Басқарма мүшелеріне жаза қолдануды айқындау;

9) Ішкі аудит қызметінің өкілеттілік мерзімі, сандық құрамы, басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ мерзімінен ерте өкілеттігін тоқтатуды анықтау, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібі, ішкі аудит қызметкерлері еңбекақы мен сыйақы көлемі мен шартын анықтау;

10) корпоративтік хатшының өкілеттік мерзімін анықтау, тағайындау және мерзімінен ерте өкілеттілігін тоқтатуды анықтау, лауазымдық еңбекақы көлемі мен марапаттау(көтеремелеу) шартын анықтау;

11) аудиторлық ұйым қызметінің өтемақысы көлемін анықтау, сондай-ақ Қоғам акциясына төлем ретінде ұсынылған не ірі мәміле нысаны

болатын мүлік нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушы өтемақы көлемін анықтау;

12) Қоғамның ішкі қызметін реттеуші құжатты (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы органнан қабылданған құжаттан басқа), соның ішінде аукцион өткізу және Қоғамның құнды қағазға жазылу шарты мен тәртібін орнатушы ішкі құжатты бекіту;

13) Қоғам филиалдарын құру және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы ережені бекіту;

14) Қоғамның заңды басқа тұлға он және одан көп пайыз акциясын (жарғылық капиталға қатысу үлесін) сатып алу туралы шешімін қабылдау, сондай-ақ қызметіне қатысты мәселе бойынша шешім қабылдау;

15) акцияның он және одан көп пайызы (жарғылық капиталдағы қатысу үлесімен) Қоғамға тиесілі заңды тұлғаның Жалғыз акционері құзыретіне жататын Қоғам қызметіне қатысты мәселе бойынша шешім қабылдау (қатысушы-акционерлердің жалпы жиналысы);

16) капиталының көлемі он және одан да көп пайыз мөлшерін құрайтын Қоғамның міндеттемесі мөлшерін ұлғайту;

17) қызметтік, коммерциялық не заңмен қорғалатын өзге де құпиядан тұратын Қоғам және қызметі туралы ақпаратты анықтау;

18) ірі мәмілелер мен Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау;

19) Қоғам еншілес ұйымының корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ қабылданған өзгеріс пен толықтыруды бекіту;

20) Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне жатпайтын Заң және Қоғам Жарғысында қарастырылған басқа да мәселе.

49. Қоғам Жарғысына сай Басқарма құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешім қабылдау, сондай-ақ Жалғыз акционер шешіміне қарсы шығатын шешім қабылдауға Директорлар кеңесінің құқығы жоқ.

50. Директорлар кеңесіне мүше бола алмайтын тұлғалар:

1) жоғары білімі жоқ тұлғалар;

2) белгіленген тәртіпте сотталған мерзімі аяқталмаған не ақталған тұлғалар;

3) банкроттық жарияланған немесе жабылып қалған, санацияланған, күштеп жойылған заңды тұлғада басшылық қызметте болған және тұлғаның жетекшілігі кезінде банкроттық, жабылу, санациялау, күштеп жою туралы шешім қабылданғанына бес жыл уақыт өтпегендер.

51. Қоғамның Директорлар кеңесі атқаратын міндеттер:

1) лауазымды тұлға мен акционер деңгейіндегі әлеуеттік дауды, соның ішінде Қоғам мүлкін заңсыз қолдану және мүдделі мәмілені жасау кезінде қиянат келтіруді мүмкіндігінше жою және қадағалап отыру;

2) Қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылау.

52. Қоғам Директорлар кеңесін сайлау тәртібі Заңмен орнатылады.

53. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемі үш адам болуы тиіс. Қоғам директорлар кеңесі құрамының кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директор болуға тиіс.

54. Директорлар кеңесіне Басқарма Төрағасынан басқа Басқарма мүшелері сайлана алмайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы бола алмайды.

55. Директорлар кеңесі отырысы Төраға немесе Басқарма бастамасы немесе төмендегілер:

- 1) Жалғыз акционер;
- 2) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесі;
- 3) Қоғамның ішкі аудит қызметі;
- 4) Қоғамға аудит жүргізуші аудиторлық ұйымның талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

56. Директорлар кеңесі отырысын шақыру талаптары ұсынылатын күн тәртібімен бірге жазбаша түрде жіберілуі тиіс. Директорлар кеңесінің отырысы шақыру туралы талап түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей шақырылуы тиіс.

57. Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өтуге кем дегенде жеті күн қалған мерзім ішінде күн тәртібінде қаралатын мәселе материалымен бірге жазбаша хабарлама жіберіледі.

58. Директорлар кеңесі отырысында:

- 1) қатысып дауыс беру;
- 2) сырттай дауыс беру;
- 3) аралас дауыс беру формасы қолданылады.

59. Қоғам қызметінің аса маңызды, түбегейлі, стратегиялық мәселесін қарастыру және шешім қабылдау, әдетте, Директорлар кеңесі отырысына қатысып дауыс беру арқылы жүзеге асырылады.

60. Директорлар кеңесі мүшелерінің жартысы қатысқан жағдайда отырыс заңды, кворум шарты сақталған саналады. Директорлар кеңесінің шешімі отырысқа қатысқан мүшелер берген дауыс басымдығымен қабылданады. Қоғам Директорлар кеңесінің әр мүшесі бір рет қана дауыс бере алады.

61. Дауыстар тең түскен жағдайда Директорлар кеңесі Төрағасы немесе Директорлар кеңесінде төрағалық етуші тұлға дауысы шешуші дауыс саналады.

62. Директорлар кеңесінің шешімі отырыс өткен соң үш күн ішінде хаттамамен рәсімделеді. Хаттамаға Директорлар кеңесі Төрағасы және отырыс Хатшысы қол қояды.

63. Директорлар кеңесінің Төрағасы Жалғыз акционерге Қоғам Басқармасы төрағасы мен мүшелерінің сыйақы көлемі мен құрамы туралы хабарлайды.

## 12. Басқарманың құрылу тәртібі мен құзыреті

64. Ағымдағы қызметті басқаруды атқарушы ұйым - Басқарма жүзеге асырады. Басқарманы Басқарма Төрағасы басқарады.

65. Қоғам Басқармасы төрағасының еңбек шартына Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы қол қояды, немесе шартын жасасу шешім шығарылған Жалғыз акционердің басқа уәкілетті тұлға.

66. Заңмен, Қазақстан Республикасы заңнамалық басқа да актісі және Қоғам Жарғысымен басқа ұйым және Қоғамның лауазымдық тұлға құзыретіне жататын сұрақтан басқа Қоғам қызметінің кез келген мәселесіне қатысты шешімді Басқарма қабылдайды, соның ішінде:

- 1) заңнама және Осы жарғымен белгіленген тәртіпте Қоғам атынан жасалған мәміле бойынша Қоғам міндетінің орындалуын қамтамасыз етеді;
- 2) Директорлар кеңесі бекіткен штат санын ескере отырып Қоғамның ұйымдастырушылық құрылымы мен штаттық кестесін бекітеді;
- 3) Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжатты бекітеді;
- 4) Қоғамның меншіктік капиталының көлемінен екіден он пайызға дейінгі сомасын құрайтындай мөлшерде Қоғам міндеттемесін ұлғайту бойынша шешім қабылдайды;
- 5) Қоғамның тауарлық белгісін және басқа да корпоративтік сәйкестендіру құралын бекітеді.

67. Тараптар мәміле жасаған кезде шектеулер туралы біле тұра Басқарманың Қоғам орнатқан шектеуді бұзып мәміле жасағанын дәлелдей алатын болса, Қоғам мәмлениң шынайылығын мойындата алады.

68. Басқарма Жалғыз акционер, Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

69. Басқарма мүшелері Басқарма Төрағасының ұсынысы бойынша сайланады.

70. Басқарманың сандық құрамы Қоғамның Директорлар кеңесімен айқындалады.

71. Басқарма құрамы үш адамнан кем болмауы тиіс.

Басқарма отырысы айына кемі бір рет өтуі қажет, алайда қажет болған жағдайда Басқарма мүше бірінің ынтасы бойынша отырыс өткізеді. Басқарма шешімі Басқарма мүшелерінің көпшілік дауыс беруіне қарай қарапайым түрде қабылданады және хаттамамен рәсімделеді. Хаттамаға отырысқа қатысқан Басқарма мүшелерінің бәрі қол қояды.

72. Басқарма Төрағасы:

- 1) Жалғыз акционер және Директорлар кеңесінің шешімді орындауын ұйымдастырады;
- 2) Басқарма атынан сенімхатсыз-ақ үшінші бір адамдарға қатысты әрекет етеді;
- 3) үшінші бір адамдарға қатысты Басқарма атынан сөйлеуге сенімхат береді;
- 4) Қоғамның меншіктік капиталының көлемінен екі пайызға дейінгі сомасын құрайтындай мөлшерде Қоғам міндеттемесін ұлғайту бойынша шешім қабылдайды;

5) Басқарма жұмыскерін бір лауазымнан екінші бір лауазымға ауыстырады, жұмыстан шығарады (Заңда көрсетілген жағдадан басқа жағдайда) және жұмысқа қабылдайды, марапаттайды және жаза қабылдайды, Басқарманың штаттық кестесіне сай Басқарма жұмыскерінің лауазымдық және жеке еңбекақы көлемін белгілейді, Басқарма құрамына енетін жұмыскер,

Басқарманың ішкі аудит қызметі және корпоративтік хатшыдан басқа Басқарма жұмыскеріне белгіленетін сыйақы көлемін анықтайды;

6) Басқарма мүшелері арасында міндет пен жауапкершілікті, сондай-ақ өкілеттілікті бөледі;

7) өзі болмай қалған жағдайда Басқарма мүшелерінің біріне өз міндетін атқаруды жіктейді;

8) Директорлар кеңесі шешімі бойынша Басқарма мүшелерімен еңбек шартына отырады, толықтыру енгізеді, өзгертеді және шартты бұзады;

9) жемқорлықпен күрес бойынша жұмысты ұйымдасырады және аталмыш жұмыс үшін дербес жауап береді;

10) Қоғам Жарғысы және Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер шешімімен айқындалған басқа да қызметті атқарады.

73. Директорлар кеңесінің Төрағасы не Директорлар кеңесіне өкілеттілік ете алатын тұлға Қоғам атынан Басқарма Төрағасымен Еңбек шартына қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен Еңбек шартына Басқарма Төрағасы қол қояды.

### 13. Қоғамның Ғылыми кеңесі

74. Қоғамның Ғылыми кеңесі Қоғамның қызметті дамыту, білімдерісі және ғылыми зерттеуді ұйымдастыру мәселесі бойынша жоғары алқалық кеңес беру-кеңесші органы болып табылады.

75. Қоғамның Ғылыми кеңесі қызметі:

1) Қоғамның білім алушы мен профессорлықтық құрамының оқу бағдарламасын табысты түрде жүзеге асыруы үшін жағдай жасау;

2) Қоғамның ғылыми-зерттеу және инновациялық зерттеуін табысты түрде дамыту үшін жағдай жасау;

3) Қоғамның ары қарай дамуына ықпал ету.

76. Ғылыми кеңестің құзыреттілігі:

1) Қоғамның академиялық құрылымы бойынша ұсыныс енгізу;

2) Қоғам Жарғысына өзгерту мен толықтыру енгізу бойынша ұсыныс қарастыру;

3) Қоғамның академиялық және ғылыми саясатын талқылау және бекіту;

4) Компанияның даму стратегиясы мен тактикасын, халықаралық қызметтің негізгі бағыттарын талқылау;

5) Қоғамның Даму бағдарламасын дамыту концепциясы және оны бекіту бойынша ұсыныс енгізу;

6) «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ Даму кеңесі туралы ережені қарау және бекіту;

7) Басқарма Төрағасының, Басқарма Төрағасы орынбасарларының, құрылымдық бөлімшелер басшыларының білім беру, ғылыми-зерттеу, инновациялық, білім беру, қаржылық, экономикалық, ақпараттық және халықаралық қызметті өткізу нысандары мен әдістері туралы жылдық есептерін тыңдау;

- 8) нормативтік талаптарға сәйкес Қоғамды материалдық-техникалық қамтамасыз ету, жабдықтау және жабдықтау бойынша ұсыныстар беру;
- 9) Қоғамның білім беру қызметін ұйымдастыру, оның ішінде жаңа мамандық ашу, әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру, оқу үлгерімін ағымдағы бақылауды өткізу, білім алушы аралық және қорытынды аттестаттауын өткізу мәселесі бойынша ұсыныстар беру;
- 10) Қоғамда Оқуға қабылдау тәртібін келісу;
- 11) оқулықтарды, оқу және оқу-әдістемелік құралдарды қарау және ұсыну;
- 12) Қоғам жұмыскерлерін үкіметтік марапатәрі құрметті атаққа ұсынуды қарастыру;
- 13) қауымдастырылған профессор және профессор ғылыми атақтарын беруге ұсыну;
- 14) Қоғамның ішкі реттеуші құжатымен белгіленген тәртіпте қауымдастырылған профессор және профессор академиялық атағын беру;
- 15) Қоғамның ішкі реттеуші құжатымен белгіленген тәртіпте арнайы құрметті атақ пен марапатты бекіту әрі беру;
- 16) магистрант пен докторант диссертациялық зерттеулері бойынша тақырып және ғылыми жетекші-кеңесшілер бекіту;
- 17) атаулы шәкіртақы тағайындау;
- 18) ақылы білім алатын білім алушының білім беру гранты бойынша босаған орынға ауысуы бойынша шешім қабылдау;
- 19) оқу бағдарламасы және оқу үдерісі кестесін бекіту;
- 20) Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес ұжымдық шешім қабылдауды талап ететін Қоғамның ағымдағы қызметінің басқа мәселелерін қарау.

77. Ғылыми кеңестің құрамы Ғылыми кеңес ұсынысы бойынша Қоғам Басқармасы бекітеді және төрағаны қоса алғандағы мүше саны, тақ сан көлемінде болуы тиіс.

Қоғам Басқарма төрағасы Ғылыми кеңес төрағасы болып табылады.

78. Ғылыми кеңес қызметі туралы ереже, сондай-ақ толықтыру мен өзгерту енгізуді Ғылыми кеңес бекітеді.

#### 14. Білім беру үрдісін ұйымдастыру

79. Жалпыға міндетті мемлекеттік стандарт және Қоғам атқаруға тиісті басқа да қалыптық құжатқа сәйкес Қоғам жоғары, жоғары білімнен кейінгі және қосымша білім берудің оқу бағдарламасын мемлекеттік, орыс және шет тілде жүзеге асырады.

80. Ғылымипедагогикалық кадр мен маман біліктілігін арттыру мен қайта даярлауды Қоғам мемлекеттік тапсырыс бойынша да, заңды және жеке тұлғамен шарт негізінде де жүргізеді.

81. Қоғам білім беру келесі бағдарламалары шеңберінде білім беру қызметін жүзеге асыру құқығына қолданыстағы лицензияларға сәйкес мамандар дайындайды:

- 1) Көркемөнер және сурет мұғалімдерін даярлау;

- 2) Сән, интерьер дизайны және өнеркәсіптік дизайн;
- 3) Басқару және әкімшілік;
- 4) Аудит және салық салу;
- 5) Қаржы, экономика, банк ісі және сақтандыру;
- 6) Маркетинг және жарнама;
- 7) Биологиялық және онымен байланысты ғылымдар
- 8) Қоршаған орта;
- 9) Ақпараттық технологиялар;
- 10) Коммуникациялық және коммуникациялық технологиялар;
- 11) Электротехника және энергетика;
- 12) Механика және металл өңдеу;
- 13) Автокөлік құралдары;
- 14) Тамақ өндірісі;
- 15) Сәулет өнері;
- 16) Қала құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс;
- 17) Кадастр және жерге орналастыру;
- 18) Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша);
- 19) Өсімдік шаруашылығы;
- 20) Мал шаруашылығы;
- 21) Орман шаруашылығы;
- 22) Балық шаруашылығы;
- 23) Жерге орналастыру;
- 24) Ветеринария;
- 25) Көлік қызметі.

Сондай-ақ, компания білім беру қызметін жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар білім беру басқа бағдарламалары шеңберінде мамандар даярлайды.

82. Оқу үдерісінің барлық сұрағы – оқу жылының ұзақтығы, сабақ түрі, білімді бақылау жүйесі университет академиялық саясатымен реттеледі.

83. Қоғамдағы тәртіпбілім алушы мен педагогтың өзара адами сыйластық қасиетін қолдау негізінде сақталады. Дене, моральдық және психологиялық күш көрсетуге жол берілмейді.

84. Қоғам ғылыми зерттеу, оқыту және әдістемелік жұмысты ҚР қазіргі заңнама мен қалыптық құқықтық актіге сәйкес жоспарлайды әрі жүргізеді.

85. Қоғамдағы білім алушы қорытынды аттестациясы тиісті деңгейдің білім беру бағдарламасын қалай меңгеріп жатқандығын анықтау мақсатымен өткізіледі де, нәтижесіне сай білім туралы құжат беріледі. Қорытынды аттестацияға оқу жоспары мен оқу бағдарлама барлық талабын орындаған білім алушы жіберіледі.

86. Білім алушы аралық аттестация түрі, тәртібі мен мерзімділігі Қазақстан Республикасының және университеттің қазіргі қалыптық құқықтық құжатына сәйкес жүргізіледі.

## 15. Ақылы білім беру қызметтерінің тізбесі мен тәртібі



87. Қоғам мемлекеттік білім беру қызметтерін көрсетумен қатар, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақылы қызметтер көрсетеді.

88. Ақылы білім беру қызметін жүзеге асыруға байланысты Компания мен студенттің, оның ата-анасының немесе заңды өкілдерінің арасындағы қатынастар білім деңгейін, оқу ұзақтығын, оқу ақысының мөлшерін және басқа шарттарды анықтайтын келісіммен реттеледі.

89. Ақылы білім беру қызметтерін көрсету тізбесі осы Жарғының 14-бөлімінің 81-тармағында айқындалады.

### **16. Қоғамда оқуға қабылдау тәртібі**

90. Білім саласындағы өкілетті орган бекіткен тәртіп негізінде Қоғамда жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім алуға қабылдау азаматтың конкурсқа берген өтініші бойынша жүзеге асырылады.

91. Қоғамда білім алуға қабылдау тәртібі Қоғамның Ғылыми кеңесінің келісімі бойынша Қоғамның Басқарма төрағасы бекіткен қабылдау ережесімен белгіленеді.

92. Қоғамда білім алушы контингентін қалыптастыру мемлекеттік тапсырыс (білім гранты) және ақылы негізде жүзеге асырылады.

93. Талапкерді қабылдау үшін орын саны мен қабылдау құрылымы Қоғамның Басқармасымен анықталады.

94. Қоғамға түсушіден құжат қабылдауды ұйымдастыру, конкурс өткізу және білім алушы қатарына қабылдау үшін Қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясы қызметі білім беру саласындағы өкілетті орган бекіткен Жоғары оқу орнына қабылдау типтік ережесімен реттеледі.

### **17. Білім үдерісіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері**

95. Қоғамда білім алушы мен жұмысшы құқығы мен міндеті Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексі және ҚР заңнамалық басқа да актісі, осы Жарғы, Қоғамның Ішкі тәртіп ережесі, Білім алушы үшін білім беру қызметіне қайтарымды қызмет көрсету шартымен анықталады.

96. Қоғам білім алушымен білім берудің қайтарымды қызметіне келісімшарт жасауға міндетті, онда екі тараптың құқығы мен міндеті көрсетіледі.

97. Қоғамда білім алушы құқы:

- 1) Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандартына сәйкес білім алу;
- 2) білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандарты аясында жеке оқу жоспары, қысқартылған білім беру бағдаламасы бойынша білім алу;
- 3) оқу бағдарламаларына сәйкес сәйкес баламалы курс тандау;
- 4) қажеттілік пен бейімділікке сәйкес ақылы негізде қосымша білім беру қызметі бойынша білім алу;
- 5) Қоғамды басқаруға қатысу;
- 6) бір оқу орнынан екінші оқу орнына, бір мамандықтан екіншісіне, бір оқу түрінен басқасына ауысу, қайта қабылдану;

- 7) оқудан бос уақытта білім алумен еңбек етуді қатар алып жүру;
- 8) Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес әскери шақыртуды кейінге қалдыру;
- 9) ойы менкөзқарасын еркін айту;
- 10) адамгершілік қасиетін құрметтеу;
- 11) Қоғам ақпараттық қорын тегін пайдалану, оқулық, оқу-әдістемелік кешен, оқу-әдістемелік құралмен қамтамасыз етілу;
- 12) кітапхана, спорт, оқу, мәжіліс залын тегін пайдалану;
- 13) оқу, ғылым және шығармашылық қызметтегі табысы үшін көтермелену әрі марапатталу;
- 14) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес академиялық демалыс алу;
- 15) бекітілген тәртіп бойынша жатақханамен қамтамасыз етілу;

98. Қоғам білім алушыларының міндеті:

- 1) білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты және оқу бағдарлама талабына сәйкес сапалы әрі толық көлемде теориялық білім алу, практикалық дағды мен құзырет қалыптастыру;
- 2) оқу бағдарламаларын толық көлемде игеру;
- 3) денсаулығын қорғау, рухани және физикалық жетілуге тырысу;
- 4) аталмыш Жарғы, Қоғам Ішкі тәртіп ережесі және Қоғамдағы реттеуші басқа да құжат талаптарын орындау;
- 5) Қоғам жұмыскерлері ар-намысы әрі дәстүрін құрметтеу;
- 6) мемлекеттік жалпыға білім беру және оқу бағдарламасы талаптарына сәйкес теориялық білім, практикалық дағды және құзыреттілікті сапалы әрі толық көлемде игеру;
- 7) белгіленген мерзімде оқу жоспары мен оқу бағдарламасын орныдау;
- 8) денсаулығын қорғау, рухани және физикалық жағынан жетілуге ұмтылу;

99. Білім алушы Қоғамнан шығарылатын жағдайлар:

- 1) өз еркімен;
- 2) қайтыс болған жағдайда, сондай-ақ сот шешімі бойынша белгісіз себеппен жоқ не өлді деп танылған жағдай;
- 3) дәрігерлік-біліктілік комиссия қорытынды-анықтамасы негізінде денсаулық жадайына байланысты;
- 4) бекітілген мерзімде оқу жоспарын себепсіз орындамаған не мемлекеттік қорытынды аттестацияда қанағаттанғысыз баға алған жағдай;
- 5) академиялық үлгерімі үшін;
- 6) академиялық адалдық қағидатын бұзғаны үшін;
- 7) білім беру қызметін көрсетуге арналған шарт талаптарын бұзғаны, соның ішінде оқу ақысын төлемегені үшін;
- 8) Қоғам Жарғысы, Ішкі Тәртіп ережесі мен Қоғамның ішкі реттеуші басқа да құжатында қарастырылған міндетті жүйелі түрде бұзғаны және бұрындары жаза қолдану арқылы тәртіпке шақырылғаны үшін;
- 9) білім беру басқа мекемесіне ауысуына байланысты;

10) студенттің бас бостандығынан айырылатын немесе оқуды жалғастыру мүмкіндігін жоққа шығаратын басқа жазаға сот үкімі заңды күшіне енген жағдайда;

11) ақылы білім беру шартының талаптарын сақтамағаны үшін;

12) білім алушыға оны Қоғамға қабылдауға және (немесе) оқуға байланысты жалған құжаттар немесе қасақана жалған мәліметтер ұсынған жағдайда;

13) Қоғамның студенті, магистранты, докторанты атағын қорлайтын заңсыз және азғындық әрекеттері үшін;

14) академиялық демалыста болмауына байланысты;

15) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша.

100. Қоғам түлектерді жұмысқа орналастыруға көмек көрсетеді.

101. Қоғам профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкері құқығы:

1) кәсіби қызмет үшін жағдайларды қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының және ішкі нормативтік құжат талаптарын сақтай отырып, педагогикалық қызметті ұйымдастыру әдістері мен нысандарын еркін таңдау;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың біліктілігін арттыру;

4) педагогикалық және ғылыми қызметтегі жетістігі үшін орден және медаль, құрмет атағы, белгі әрі алғыс хатпен материалдық және моральдық көтермелеу;

5) кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғау;

6) ғылыми-зерттеу, инновациялық қызметпен айналысу, оқыту практикасына жаңа техника мен технологияны енгізу.

102. Қоғамның профессорлық-оқытушылық құрамы мен ғылыми қызметкерлері:

1) өзінің кәсіби құзыреті саласында тиісті теориялық және практикалық білім мен оқыту дағдыларына ие;

2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары мен білім беру бағдарлама талаптарына сәйкес ұсынылатын білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ету;

3) білім алушыларды жоғары адамгершілік, ата-анаға, этномәдени құндылық, қоршаған әлемге құрметпен қарау рухында тәрбиелеу;

4) білім алушы өмірлік дағды, құзыреттілік, дербестік, шығармашылық қабілетін дамыту;

5) кәсіби шеберлік, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін үнемі жетілдіріп отыру;

6) кемінде бес жылда бір рет сертификаттаудан өту;

7) еңбек заңнамасын сақтау;

8) педагогикалық этика нормаларын сақтау;

9) Қоғамның Жалғыз акционері, Директорлар кеңесі, Басқарма және Ғылыми кеңес шешімдерін орындау;

10) білім алушы, ата-анасы ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

103. Оқытушы құрамы, ғылыми қызметкер, әкімшілік, қызмет көрсететін, өндірістік және көмекші персоналдың құқығы мен міндеті Ішкі ереже, лауазымдық нұсқаулық және Қоғам ішкі басқа да құжатымен және Қазақстан Республикасының заңнамалық өзге де актісімен анықталады.

104. Білім алушы ата-анасы, заңды басқа өкілі үлгерімі, тәртібі мен оқу жағдайы туралы ақпаратты Қоғамнан алуға құқылы.

## 18. Ішкі аудит қызметі

105. Қаржылық-шаруашылық қызметін жүзеге асыру үшін Қоғамда ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

106. Ішкі аудит қызметінің қызметкері, оның ішінде, жетекшісі Директорлар кеңесімен лауазымға тағайындалады әрі босатылады.

107. Ішкі аудит қызметінің жетекшісін белгіленген тәртіп бойынша Басқарма Төрағасы не Директорлар кеңесінің басқа мүшесі ұсынады.

108. Директорлар кеңесімен белгіленген Ішкі аудит қызметі:

1) Директорлар кеңесіне Қоғамның қызметі жайлы тәуелсіз объективтік ақпаратты ұсынады;

2) жүйелі және сатылы тәсілді қолдана отырып, корпоративтік басқару мен ішкі бақылауды жетілдіруге ықпал етеді, бағалау жүргізеді, кеңес береді;

3) Директорлар кеңесі мүшелерінің талаптары бойынша Директорлар кеңесінде қарауға берілетін мәселе бойынша қорытынды әзірлейді;

4) Қоғамның ішкі құжатына сәйкес құзырындағы басқа да қызметті жүзеге асырады.

109. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және жұмысы туралы есеп береді.

110. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің не Қоғам Басқармасы құрамына сайлана алмайды.

